«Тур-Ахмет и Компания»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Шымкент қаласы

«Тур-Ахмет и Компания»
Товарищество с ограниченной ответственностью
город Шымкент

160050, Шымкент қаласы,
1-Мамыр көшесі д.23
Тел./факс: 8(7252) 35-73-24
E-mail: **temir_tak@mail.ru**

160050, город Шымкент,
улица 1 Мамыр 23 ü.
Тел./факс: 8(7252) 35-73-24
E-mail: **temir_tak@mail.ru**

«10» 02 2020 ж

№ 11

«ҚР Қаржы министірлігінің мемлекеттік ішкі аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша ішкі аудит департаменті» РММ-не
«Тур-Ахмет и Компания» ЖШС-нің
Бас директоры Д.Ш.Ахметовтен

А Р Ы З

мемлекеттік сатып алу конкурстық комиссиясының шешімінің заңдылығын тексеріп, шара көру туралы

"Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекттік мекемесі 30.12.2019ж. «Шымкент қаласының айналма жолының бойындағы Тұран шағын ауданының Солтүстік-Шығыс бөлігіндегі 1 аймаққа дейін ұзындығы 6,88 км магистралды су құбырын салу» туралы конкурс жариялаған.

Бұл конкурсқа қатысу үшін, басқа әлеуетті өнім берушілермен қатар, «Тур-Ахмет и Компания» ЖШС құжаттар тапсырған.

Конкурстың квалификациялық талаптарына сай, әлеуетті өнім берушілердің су құбырын салуда соңғы он жылдың ішінде бес жылдық жұмыс тәжиірбесі болуы тиіс.

«Тур-Ахмет и Компания» ЖШС-нің су құбырын салуда бес жылдық жұмыс тәжиірбесі бар.

Мысалы,

1. 18.12.2009ж. Бәйдібек ауданы, Шаян аулында құны 551 100 570 теңгелік су құбырын,
2. 02.03.2010ж. Шымкент қаласы, Нұрсат мөлтекауданында құны 201 000 000 теңгенің магистралды су құбырын,

3. 19.12.2013ж. Шымкент қаласында 1 561 840 590 теңгенің магистралды су құбырын,
4. 2014 жылдың желтоқсан айында Шымкент қаласының, Қазығұрт ауданында құны 13 448 690 теңгенің су құбырын және
5. 04.07.2016ж. Шымкент қаласының, Нұртас мөлтекауданында 448 572 240 теңгенің су құбырын мемлекеттік қабылдау актісімен тапсырған.

Соған қарамастан, мемлекеттік сатып алу конкурстық комиссиясы 07.02.2020ж. қортынды хаттамалық шешімімен «Тур-Ахмет и Компания» ЖШС-нің бес жылдық су тәжиірбесі жоқ деген негізбен, конкурстан құлатып отыр.

Конкурстық комиссиясы «Тур-Ахмет и Компания» ЖШС-нің жоғарыда көрсетілген 2009 жылғы су құбырын салу жұмысы есепке алынбай отыр.

Конкурс 30.12.2019ж. жарияланғандықтан, «Тур-Ахмет и Компания» ЖШС-нің 2009 жылғы жұмыс тәжиірбесіне қосылуы тиіс.

Өйткені №5-қосымшаның 5 тармағына сәйкес, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде орындалған жұмыстар тәжірибесінің болуы туралы анық көрсетілген.

Осыған орай, Сізден конкурстық комиссияның шешімінің заңдылығын анықтап беруіңізді сұраймыз.

«Тур-Ахмет и Компания» ЖШС-нің
Бас директоры Д.Ш.Ахметов